



БҰЙРЫҚ

01 09 2022

Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

№ 146

город Караганды

Мектеп оқушыларын ауыз сумен қамтамасыз етуді ұйымдастыру туралы

Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып, мектеп оқушыларын сапалы ауыз сумен қамтамасыз етуді ұйымдастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп асханасында қайнатылған ауыз сумен мектеп оқушыларын қамтамасыз ету ұйымдастырылсын.
2. Су ішетін ыдыстардың таза, уақытылы қойылуы мектеп кезекшілеріне жүктелсін (қосымша №1)
3. Оқушылардың таза, сапалы ауыз сумен қамтылуын, ауыз судың 3 сағат сайын ауыстырылуын, санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың орындалуын қадағалау медбике А.С.Қалиға жүктелсін.
4. Осы бұйрықтың орындауын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Т.Дакеноваға жүктелсін.

Директор



М.Ф.Хасенова

Таныстым:

Ж.Т.Дакенова

А.С.Қали

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№21 НЕГІЗГІ ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОСНОВНАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА №21»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА КАРАГАНДЫ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КАРАГАНДИНСКОЙ
ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

01 09 2022

Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

№ 169

город Караганды

Бракераж комиссиясын құру туралы

Оқушылардың асханада тамақтандыру жүйесін тәртіптеу, тамақтандыру сапасын арттыру, оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша
БҰЙЫРАМЫН:

1. Бракераж комиссиясын келесі құрамда құру:

Комиссия төрағасы: Дакенова Ж.Т - директордың ТЖ орынбасары

Мүшелері: Қали А.С. – медбике

Гвоздикова Т.В – кәсіподақ төрайымы

Шерьяданова К.К. – әлеуметтік педагог


Сембаева О.Н– ата-ана комитетінің төрайымы


Мукашева А.Б – ата-ана комитетінің төрайымы


Директор  М.Ф.Хасенова





Бұйрықпен танысқандар:

Дакенова Ж.Т. 

Қали А.С. 

Гвоздикова Т.В. 

Сембаева О.Н. 

Мукашева А.Б. 

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№21 НЕГІЗГІ ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОСНОВНАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА №21»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА КАРАҒАНДЫ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КАРАҒАНДИНСКОЙ
ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

08 09 2022

Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

№ 182

город Караганды

2022-2023 оқу жылында оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» қаулысына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы XLIV сессиясының «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №588 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жеті балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 10 тамыздағы №359 бұйрығымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып) және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ -76 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, 2021 жылғы 28 қазанындағы №1 жұмыс тобының хаттамасына және Қарағанды облысы білім басқармасының 2022 жылдың 26 тамыз №523 бұйрығы негізінде және Қарағанды қаласының білім бөлімінің 2022 жылғы 08 қыркүйек №393 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1.1.2022 жылғы 1 қыркүйектен бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-9 сынып білім алушылардың ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыс ұйымдастырылсын.

1.2. Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты тағамдарды, сондай-ақ үлестерінің массасын граммен көрсете отырып, перспективті мәзір бекітілсін.

1.3. Ыстық тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі құжаттар жалпы білім беру ұйымдары басшыларының назарына жеткізілсін.

2.1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылдың 31 қазанындағы №598 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етумен байланысты тауарларды сатып алу қағидалары шеңберінде ыстық тамақтандыру ұйымдастырсын.

2.2. Ережеге сәйкес білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты тағамдарды, сондай-ақ үлестерінің массасын граммен көрсете отырып, күнделікті ас мәзірі бекітілсін. Күнделікті ас мәзірін бекіту кезінде осы бұйрықтың 1, 2 қосымшасына сәйкес ұсынылған біріңғай ас мәзір пайдаланылсын.

2.3. Оқушыларды күнделікті тамақтану жағдайын қадағалау директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Т.Дакеноваға жүктелсін.

2.4. Ас блогының паспорты дайындалсын және бекітілсін.

2.5. Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша айлық есептердің уақытында тапсырылуы қамтамасыз етілсін.

2.6. Мектеп асханаларында қызметті жеткізуші арнайы жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді орната отырып, білім алушылармен қолма – қол ақшасыз есеп айырысу жүйесін енгізу бойынша тиісті шаралар қолданылсын.

3.7. Тамақтану сапасының жүйелі мониторингі және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет-ресурста «Мектептік тамақтандыру» айдарында орналастыруды қамтамасыз етсін.

2.8. Ыстық тамақ қызметін жеткізушілер (келісім бойынша):

2.9. 1-4 сынып оқушылары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылдың 25 қаңтарындағы №64 Қаулысымен қарастырылған 1-9 сынып оқушылары үшін білім бөлімімен бекітілген перспективалық ас мәзірін және жалпы білім беру ұйымының басшысымен бекітілген күнделікті ас мәзірін ұстансын.

2.10. Әлеуметтік қорғалмаған отбасынан шыққан оқушыларды өз есебінен ыстық тамақпен қамту мүмкіншілігін қарастырсын.

2.11. Жалпы білім беру ұйымдарының оқушыларына арналған ыстық және буфеттік тағамдар Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2017 жылдың 16 тамызындағы №611 бұйрығымен бекітілген санитарлық ережелерге, «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға бөлінген әлеуметтік көмектің

мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 12 наурызындағы №320 Қаулысына сәйкес ұйымдастырылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың ТЖ жөніндегі орынбасары Ж.Т.Дакеноваға жүктелсін.

Директор  М.Ф.Хасенова



Танысты:
Ж.Т.Дакенова





БҰЙРЫҚ

01 09 2022

Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

№ 135

город Караганды

«Тыйым салынған тағамдар тізіміне кіретін, азық- түлік өнімдерін пайдалануға тыйым салу туралы»

ҚРДСМ 2011 жылдың 30 желтоқсанындағы бекітілген №1684 бұйрығы, СанПиН-нің «Жалпы білім беретін және интернат ұйымдарында оқыту жағдайына, қондырғыға қойылатын санитарлық- эпидемиологиялық талаптар» туралы улануға жол бермеу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

Мектеп медбикесіне:

- 1.Тыйым салынған тағамдардың тізімімен таныстырсын: тамақ қоймасының жұмыскерлерін, мұғалімдерді және ата-аналарды;
- 2.Оқушылар мен ата-аналарға тыйым салынған азық- түліктердің тізіміне кіретін тағамдарды әкелуге тыйым салынсын;
- 3.Оқушылар мен, ата-аналар мен, мұғалімдер мен тамақ қоймасы жұмыскерлерімен астан уланудың алдын алу жолдары бойынша әңгіме сабақтар өткізілсін;
4. Жеке гигиена ережелерін сақталуын бақылауды күшейтсін;
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Т.Дакеноваға жүктелсін.

Негіздеме: ҚРДСМ 2011 жылдың 30 желтоқсанында бекітілген № 1684 бұйрығы, СанПин-нің «Жалпы білім беретін және интернат ұйымдарында оқыту жағдайына, қондырғыға қойылатын санитарлық- эпидемиологиялық талаптар».

Директор  М.Ф.Хасенова

Бұйрықпен таныстырылды:

А.С. Қали

Ж.Т.Дакенова





БҰЙРЫҚ

01 09 2022

Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

№ 133

город Караганды

Мектепте тамақтандыруды ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Білім туралы» Заңының 6 бөлімі, 43 бабы, 3 тармағының, 11 тармақшасына, «Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты жұмсау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 22 ақпандағы № 255 қаулысына сәйкес және Қарағанды білім бөлімінің 03.09.2018 жылғы № 1317 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Т.Дакенова 2022 – 2023 оқу жылы мектепте ыстық және буфеттік тамақтандыруды ұйымдастырсын.
2. Әлеуметтік педагог аз қамтылған отбасы балалары үшін жалпыоқу қорынан тегін ыстық тамақтандыруды ұйымдастырсын.
3. Мектептің бас бухгалтері қаржының уақытылы меңгерілуін қамтамасыз етсін.
4. Оқушылардың күнделікті тамақтану жағдайын қадағалау мектеп әлеуметтік педагогі К.К.Шерьядановаға жүктелсін.
5. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ас блогының паспортын дайындасын және бекітсін.
6. Мектепте тамақтандыруды ұйымдастыру туралы құжаттар заңнамаға сәйкес жүргізілсін.
7. Мектеп оқушыларын қайнатылған немесе тазартылған сумен қамтамасыз етсін.
8. Білім бөліміне айлық есептердің уақытында өткізілуін қамтамасыз етсін.
9. Ыстық тамақ қызметін жеткізушілер (келесім бойынша) жүзеге асырылсын.
10. Әлеуметтік қорғалмаған отбасының оқушыларына арналған білім бөлімімен, мектеп директорымен бекітілген ас мәзірін ұстансын.
11. Әлеуметтік қорғалмаған отбасы оқушыларын өз есебінен ыстық тамақпен қамту мүмкіншілігін қарастырсын.
12. Мектеп оқушыларына арналған ыстық және буфеттік тағамдар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылдың 16 тамызы № 611 бұйрығымен бекітілген санитарлық ережелерге, «Әлеуметтік көмек көрсетілетін


азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысына толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 326 қаулысына сәйкес ұйымдастырылсын.

13. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор  М.Ф.Хасенова



Бұйрықпен таныстырылды:

Ж.Т.Дакенова 

К.К. Шерьяданова 